

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org10.48081/EZPK4817>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Каббасова А. Т., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.35.07

<https://doi.org/10.48081/DFQA1114>***К. Б. Дженбаева¹, Т. Т. Аяпова², Г. К. Исмаилова³**^{1,2}Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;³Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.*e-mail: kurka.zhb.kz@mail.ru¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2545-9008>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0483-3459>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6061-6590>

ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДЕ ЕКІНШІ ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ РӨЛІ

Бұл мақалада шеттілдік білім берудегі тиімді оқыту тәсілдері қарастырылады. Оқыту тәсілдері әдістемеде басты категориялардың бірі болып табылады. Әр түрлі сөздіктерде, сондай-ақ, әр түрлі ғалымдар оқыту тәсіліне түрліше анықтама береді. Жалпы «Оқыту тәсілдері» дегеніміз қандай-да бір оқыту әдістерін жүзеге асыру жолдары. Шеттілдік білім беру әдістемесінде оқыту тәсілін анықтайтын үш компонентті атайды: лингвистикалық, дидактикалық, психолингвистикалық. Осыны негізге ала отырып ғалымдар оқыту тәсілдерін әр түрлі жіктейді: когнитивті, коммуникативті, индуктивті, лингвомәдени, грамматикалық, контекстік, белсенді, өнімді т.б. тәсілдер. Дегенмен ғалымдар оқыту тәсілдерін әр түрлі жіктегендіктен, бұл жерде де бірізділік жоқ екендігі байқалады.

Мақалада шеттілдік білім берудің қазіргі парадигмасына сәйкес ғалымдардың пікірінше екінші тілдік тұлғаны қалыптастыруға негіз болатын тиімді тәсілдер: когнитивті, лингвомәдени және контекстік тәсілдер туралы айтылған. Осы тәсілдердің тиімділігін айқындау мақсатында көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-теориялық еңбектерін саралап, талдау жасалған. Аталған тәсілдердің шеттілдік білім берудің нәтижесі «Мәдениетаралық қатысым субъектісі – екінші тілдік тұлғаны» қалыптастыруда тиімділігін айқындайтын әдістерді анықтап, оларға түсініктеме берілген. Зерттеу әдістерінің ішінде ғылыми-

педагогикалық еңбектерге шолу, теориялық мәліметтерді зерттеу және талдау әдістері қолданылды.

Кілтті сөздер: оқыту тәсілдері, шеттілдік білім беру, когнитивті тәсіл, лингвомәдени тәсіл, контекстік тәсіл

Кіріспе

Оқыту тәсілі дегеніміз тілді зерттеуші мен тілді үйретушілердің тілді меңгертуге қатысты көзқарасын білдіретін әдістемедегі негізгі категориялардың бірі. Оқыту тәсілі тілді оқыту жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, тілді меңгерудің жалпы лингводидактикалық негізі ретінде әрекет етеді және оқыту әдістерін таңдауға негіз болатын білім стратегиясы туралы түсінік береді. Шетел тілдерін оқыту әдістемесі бойынша ағылшынша-орысша терминологиялық анықтамалықта оқыту тәсіліне мынадай анықтама береді: «Подход к обучению – это реализация ведущей, доминирующей идеи обучения на практике в виде определенной стратегии и с помощью того или иного метода обучения» [1]. И. Л. Бимнің пікірінше, тәсіл белгілі бір білім саласындағы зерттеулердің концептуалды негіз ретінде әрекет етеді, тәсіл арқылы зерттеуші өзінің тұжырымдамалық ережелерін қарастырады. Бұл – зерттеу барысын анықтайтын бағыттың бір түрі [2].

Яғни, оқыту тәсілі дегеніміз нақты бір білім беру парадигмасын жүзеге асыру үшін тандап алынған оқыту әдістері деуге болады.

«Оқыту тәсілі» (approach (ағыл.) – тәсіл) терминін ғылыми қолданысқа алғаш рет ағылшын әдіскері А. Антони енгізген. Ол оқыту тәсілі «зерттеушінің тілдің табиғаты мен меңгеру жолдарына қатысты қолданатын бастапқы ұстанымы» дейді [3]. Шетелдік әдістемеде оқыту тәсілін анықтайтын үш компонентті қарастырады: оқытудың лингвистикалық негіздері, дидактикалық негіздері және психолингвистикалық негіздері.

Екінші тілдік тұлғаны қалыптастырудағы тәсілдер рөлінің өзектілігін олардың қоғамның заманауи талаптары мен қажеттіліктерін, білім беру стандарттары мен білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру айқындайды. Оқыту тәсілдерін тиімді пайдалану тілді толық меңгеру мен оның білім алушылардың тұлғалық және кәсіби дамуына, жаһандық қоғамда табысты қарым-қатынасқа түсуіне ықпал етеді.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында шеттілдік білім беру бойынша отандық және шетелдік ғылыми-педагогикалық еңбектерге шолу жасалды. Зерттелетін проблеманың теориялық және практикалық жақтарын жан-жақты қарастыру үшін әр түрлі дереккөздерден алынған теориялық деректерді зерттеу мен талдау әдістері қолданылды.

Қазіргі заманғы шеттілдік білім беру әдістемесінде оқыту тәсілдерінің бірыңғай классификациясы жоқ екендігін байқадық. Әдістемедегі зерттеу бағытына байланысты оқыту тәсілдерін ғалымдар әр түрлі топтастырады. М. В. Ляховицкий шет тілін оқытудың төрт жалпы тәсілін атайды: 1. Тілдік және сөйлеу материалын қайталау арқылы дағдыларды қалыптастыруға бағытталған бихевиористік тәсіл. 2. Индуктивті - саналы тәсіл, тілдік ережелерді меңгеру көптеген мысалдармен қарқынды жұмыс жасау арқылы қол жеткізіледі. 3. Когнитивтік тәсіл, оның негізінде, ең алдымен, оқытылатын тілдің теориясын меңгеру, яғни фонетикалық және грамматикалық ережелер мен сөз қолдану ережелерін меңгеру түрінде жүзеге асырылады. 4. Кіріктірілген тәсіл сабақ барысында оқу үрдісінің саналы және бейсаналы компоненттерінің органикалық байланысын қамтамасыз ететін кешенді тәсіл [4].

И. Б. Ворожцова оқыту тәсілін «білім берудің жаңа парадигмасына көшу кезеңінің білім беру бағдарламалары» ретінде қарастырады, яғни қоғамның өзгеруіне байланысты білім беру де өзгеріп отырады деп есептейді. Ол шетел тілін оқыту тәсілінің төрт түрін атап көрсеткен: коммуникативтік, тұлғалық-бағытталған, белсенді және мәдени тәсілдер [5].

Жалпы, шетелдік білім беруде ғалымдар оқыту тәсілдерінің көптеген түрлерін атап көрсетеді: мәдени тәсіл (лингвомәдени), коммуникативті, когнитивті, өнімді, белсенді, әлеуметтік тәсілдер, жобалық тәсіл, тұлғаға бағытталған тәсіл т.б.

Дегенмен, қазіргі таңда шеттілдік білім берудің парадигмасына сәйкес, шеттілдік білім берудің нәтижесі ретінде танылған «мәдениетаралық қатысым субъектісі – екінші тілдік тұлғаның» қалыптасуына негіз болатын оқыту тәсілдерінің бастылары лингвомәдени, когнитивті, өнімді және контексті т.б. тәсілдер деуге болады.

Нәтижелер және талқылау

Шетел тілін оқытудағы когнитивтік тәсіл когнитивтік психология мен когнитивтік лингвистиканың деректеріне және сана принципіне және социоконструктивизм теориясына негізделген, оған сәйкес студент оқу үрдісінің енжар бақылаушысы емес, белсенді қатысушысы болып табылады. Когнитивтік лингвистиканың және әртүрлі жас топтарындағы шетел тілдерін когнитивтік-коммуникативтік оқытудың ережелері әртүрлі зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілген. Когнитивтік лингвистика және когнитивтік психология идеяларын негізге ала отырып, ғалымдар когнитивтік тәсілдің психологиялық, педагогикалық, лингвистикалық аспектілерін қарастырады, олар шетел тілдерін оқытудың және шетел тіліне арналған оқу-әдістемелік материалдарды құрастырудың іргелі негізі болып табылады. Когнитивтік

тәсіл ғалымдарды еңбектерінде когнитивтік, танымдық болып әр түрлі атаумен аталады. (Ляховицкий, Щукин) Отандық және шетелдік зерттеушілердің (С. С. Құнанбаева, Ж. С. Нарымбетова, И. А. Зимняя, А. А. Миролубов, А. Н. Шамоу, С. Ф. Шатилов және т.б.) еңбектерін талдау оқытылып жатқан шетел тілі мен шетел мәдениетін сәтті меңгеру көпшілік жағдайда когнитивтік процестер кешеніне байланысты болатындығын анықтауға мүмкіндік берді, ал бұл өз кезегінде когнитивтік тәсілдің өзектілігі мен маңыздылығын айқындайды. Когнитивтік тәсілді шетел тілін оқыту теориясы ретінде Дж. Брунер мен В. Риверс құрастырған. Ғалымдар бұл оқыту тәсілін бихевиоризм тәсіліне, яғни дағдының қалыптасуы қайталап оқыту негізінде жүзеге асатын оқыту тәсіліне қарама-қарсы дамытқан. Когнитивизм белгілі бір тілдік құбылысты меңгеру осы құбылысты түсіну және оны сөйлеу әрекетінде қолдану негізінде жатқан психикалық процестер мен әрекеттерге негізделуі керек деп болжайды.

Шетел тілін оқытудың когнитивтік тәсілі келесі ережелерді басшылыққа алады:

- Ойлауды дамыту шет тілін меңгеру процесінде қажетті шарт болып табылады, бұл ретте тілді меңгеру тілдік бірліктерді механикалық есте сақтаумен шектелмеуі керек. Оқушылар таным процесінің белсенді қатысушыларына айналуы керек.

- Білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескеру шетел тілін оқыту процесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

- Оқыту процесі, яғни оқушылардың бір-бірімен және мұғаліммен қарым-қатынасы өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық негізінде құрылуы керек. Бұл жағдайда оқыту интерактивті сипатта болады.

Шетел тілін оқытуда когнитивтік тәсілді қолдануға Е. И. Пассов қомақты үлес қосты. Ал дәлірек айтсақ, Е. И. Пассов коммуникативті және когнитивтік тәсілдерді біріктірді. Оның, жалпы гуманистік тұлғаға бағытталған көзқарастың арқасында лингводидактикада студенттердің психологиялық және психолингвистикалық мәселелеріне көңіл бөлу қажеттігі туралы түсінік қалыптасты. Бұл білім алушыға бет бұруға, оқытушының оқу үрдісіндегі рөлін қайта қарауға мүмкіндік берді. Коммуникативті тәсіл негізінен шығармашылықты ынталандырады. Бұл жағдайда білім алушы оқу үрдісінің белсенді қатысушысына айналып, білім алу жолдарын өзі қарастыратын деңгейге жетеді [6, 221-6].

Когнитивтік тәсілдің негізгі принциптерінің бірі – зейінділік принципі, оның маңыздылығы көптеген зерттеулерде атап өтілді. Танымдық оқыту деп адамның табиғи танымдық іс-әрекетіне сәйкес келетін оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру процесі. Бұл туралы И. В. Карпова былай

деген: « когнитивный компонент учитывает закономерности познавательного процесса и особенности ментальной деятельности учащегося, а также отвечает за оптимальную организацию познавательных действий учащегося, приближенную к естественному познавательному процессу» [7, 28-6].

Когнитивтік тәсіл білім алушылардың екінші тілдік санасы мен екінші тілдік тұлғасын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Көптеген ғалымдар (П. В. Сысоева, С. С. Кұнанбаева, Л. В. Екшембеева, Г. Е. Утебалиева) тұлғаның екінші тілді меңгеруі оның когнитивті қызметінің бір түрі деп атап көрсетіп, бірінші тілдік сананың негізінде екінші тілдік сана қалыптасады деген. Егер біз білім - адамның когнитивті қызметінің жемісі дейтін болсақ, когнитивті оқыту тәсілін қолдана отырып екінші тілдік сананы қалыптастыра аламыз деген сөз.

Қазіргі шеттілдік білім беруде басты оқыту тәсілдерінің келесі бірі – лингвомәдени тәсіл.

Оқытудың лингвомәдени тәсіліне көшу соңғы жылдардағы алыс-жақын шет елдермен саяси, экономикалық және әлеуметтік қарым-қатынастардың нығаюымен түсіндіріледі. Осы себептерге байланысты көпұлтты көпмәдениетті ортада шетел тілдерінде табысты, толыққанды қарым-қатынасты жүзеге асыра алатын мамандарды дайындау қажеттілігі артып отыр. Шетел тілінде толық қарым-қатынас белгілі бір қауымдастықтың мәдениетіне тән нақты ұғымдарды қамтитын тілдік және экстралингвистикалық материалды білуді қамтиды. Лингвистикаға лингвомәдени тәсіл аясында тілдік білім беруде тұлға категориясы тіл-мәдениет-тұлға триадасының құрамдас бөліктерінің бірі ретінде көп мәнді құбылысқа айналады. Тұлға ұғымы біртұтас педагогикалық процестің объектісі (субъектісі) ретінде білім алушыны білдіретіндігімен қатар, бұл концепция барлық маңызды концептуалды ұғымдардың өзегі болып шығады.

Тұлға мен мәдениеттің, оның ішінде тілдің қарым-қатынасы өзара тәуелділікпен сипатталады: мәдениетті тұлға жасайды, бірақ сонымен бірге тұлға мәдениет арқылы қалыптасады. Яғни, тұлға ұғымы мәдениет пен тілдің даму диалектикасында, олардың өзара байланысының мәселелерін ашуда, оның ішінде тарихи өлшемде іргелі рөл атқарады.

Шеттілдік білім берудегі лингвомәдени тәсілінің мәнін, оның артықшылықтары мен маңызын айқындамас бұрын, лингвомәдениеттануды, яғни лингвомәдени тәсіл негізделген ғылымды туыстас ғылымдардан ажыратып, олардың өзара әрекеттесу салаларын анықтау қажет. Гуманитарлық сипаттағы әртүрлі білімдерді біріктіретін лингвомәдениеттану айқын пәнаралық байланысымен ерекшеленеді. Ол көптеген ғылымдармен тоғысады және өзара әрекеттеседі: мәдениеттану, этнолингвистика,

социолингвистика, мәдениетаралық коммуникация, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану т.б.

Қазіргі ғылым дамуының интегративті және синтездік тенденциялары, антропоцентристік идеялар, өзара байланыстар және тіл- мәдениет- тұлғаның өзара тәуелділігі ХХ ғасырдың 90-жылдарында қалыптасқан жаңа ғылыми бағытта – лингвомәдениеттануда өзінің оңтайлы көрінісін табады. В. А. Маслова былай дейді: «Лингвокультурология – это отрасль лингвистики, возникшая на стыке лингвистики и культурологии и исследующая проявления культуры народа, которые отразились и закрепились в языке» [8, 9-б.].

Лингвомәдениеттанудың тіл білімінде дербес бағыт ретінде қалыптасуы (В. В. Воробьев, В. А. Маслова, В. Н. Телия, Ю. С. Степанов және т.б.) да лингводидактика аясында тіл, мәдениет және тұлға мәселесіне жаңа бетбұрыс жасады. Лингвомәдениеттану әлеуетін лингвометодологиялық мақсатта пайдалану тіл үйрету саласында жаңа мүмкіндіктер ашады: басты мақсаты «мәдениет адамын» қалыптастыру болып табылатын қазіргі оқу үдерісінің талаптарын барынша жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Шеттілдік білім берудегі лингвомәдени тәсілді жүзеге асыру, ең алдымен, шетел тілін, шетел мәдениетін және студенттің төл мәдениетін меңгерту арқылы этноцентризмнен мәдениеттер диалогына көшумен сипатталады. Мәдениеттер диалогы принципі ұлттық тәрбиені өзара байытуды көздейтін шет тілді қауымдастықтар теориясында іргелі болып табылады. Мәдениеттер диалогы – бұл қазіргі мәдениеттер арасындағы қарым-қатынас және олардың өзіндік ерекшелігін сақтау.

Н. В. Сасина оқытудың лингвомәдени тәсілі дегеніміз шетел тілін меңгеру процесін олардың қызмет ету процесінде мәдениет пен тілдің қарым-қатынасы мен әрекеттесуін ескере отырып құру және осы өзара әрекеттесуді біртұтас жүйелік тұтастықта зерттеу деп атап көрсетеді [9].

Мәдениеттер диалогы принципіне негізделген лингвомәдени тәсілді пайдалану студенттердің қазіргі әлемде мәдениетаралық қарым-қатынасты табысты жүзеге асыру дағдыларын дамытуға бағытталған. М. К. Денисовтің пікірінше, бұл тәсілдің нәтижесінде студенттер мынаны білуі керек:

- оқулықтар материалдары мен мәтіндеріндегі аймақтық ақпаратты ажыратып, оған түсініктеме беру және толықтыру;
- мәдени контексте эквивалентті емес лексиканы жүйелеу;
- белгілі бір топтың ерекшеліктеріне сәйкес мәдени ақпарат пен мәдени материалды таңдау;
- сөйлеу ниетін білдірудегі айырмашылықтарды түсіндіру; бірге зерттелген мәдениеттердің байланысын ашу;

- басқа мәдениеттің, басқа өмір салты мен басқа менталитеттің құбылыстарына қызығушылық таныту;

- отандық және шетелдік мәдениет құбылыстарын салыстыру; ойлаудың мәдени кондициясын және мінез-құлық стереотиптерін түсіну және теріс пікірді жеңу;

- мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында тиімді бағдарлау, мінез-құлық және белсенділік стратегияларын әзірлеу [10].

Сонымен қатар, лингвомәдени тәсілді қолдана отырып шетел тілін оқыту барысында тиімді әдістерді таңдау да маңызды болып табылады. Шетел тіліндегі кәсіптік білім беруде лингвомәдениеттану аспектісін оқытуда келесі коммуникативті-зерттеушілік сипаттағы жұмыстардың алуан түрін пайдалану арқылы жүзеге асырылуы тиіс:

- аугентивті материалдарды (қысқа репортаждар, қысқаша жаңалықтар релиздері, видеоблогтар, Twitter микроблогтары) пайдалану;

- заманауи ақпараттық технологиялар (оқытатын компьютерлік бағдарламалар мен бейне ойындар); мобильді оқыту;

- чаттарға, бейнеконференцияларға, интернетте өткізілетін конкурстарға қатысу;

- оқитын тіл фольклорымен, фразеологиясымен, әдебиетімен танысу;

- контекстік оқыту; шынайы және оқитын тіл мәдениетіне тән проблемалық диалогтық жағдаяттар;

- лингвомәдени және әлеуметтік-мәдени мәселелерді шешу;

- ситуациялық талдау технологиялары (кейс-стади әдісі);

- оқу мәтіндеріндегі лингвокультуремаларды бөліп көрсету, оларға анықтамалар құрастыру және мәдени мазмұнын анықтау.

Жалпы, шеттілдік білім беруде лингвомәдени тәсілді қолдану, біздің ойымызша, екінші тілдік тұлғаның когнитивтік санасын қалыптастыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Жоғарыда келтірілген әдістер лингвомәдени тәсіл аясында студенттердің мәдениетаралық қатысым құзыреттіліктерін дамытып, «тіл-мәдениет-тұлға» пәнаралық үштігінің «басқа тіл – басқа мәдениет – тұлға» үштігіне ұласуына ықпал етеді.

Шеттілдік білім берудегі келесі оқыту тәсілі контекстік тәсіл. Контекстік тәсіл де шеттілдік білім беруде білім алушылардың кәсіби даярлығының құрылымын модельдеу үшін қолданылады. Бұл идея А. А. Вербицкий әзірлеген контекстік оқыту теориясында көрініс табады. Ғалымның пікірінше, оқытудағы контекстік тәсілдің негізгі қызметі оқу-танымдық іс-әрекетті кәсіптік әрекетке айналдыру үшін жағдай жасау, кәсіби білім беру ортасын нысаны мен мазмұны жағынан барынша жақындату үшін оны модельдеу

болып табылады. Контекстік оқытуда студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетінің пәндік және әлеуметтік мазмұны дәйекті түрде үлгіленеді [11].

Контекстік тәсілді қалыптастыру процесінің күрделілігі мен сәйкессіздігі оның дамуының маңызды тенденциясын ашады – яғни, оқу процесін адамның практикалық әрекетіне жақындатуға ұмтылу тенденциясы.

Э. Джонсон контекстік оқыту – білім беру процесі, оның мақсаты білім алушыға оқытылатын материалдың мәнін көруге, оның жеке, әлеуметтік, кәсіби және мәдени өмірінің контекстімен байланысын табуға көмектесу дейді. Ол контекстік тәсілдің әдістемедегі басты 8 компонентін атап көрсеткен:

- мағыналық байланыстарды орнату;
- мағыналы жұмыс жасау;
- өзін-өзі реттейтін оқыту;
- оқытудағы ынтымақтастық;
- сыни және шығармашылық ойлау;
- тұлғаны тәрбиелеу;
- жоғары нәтижелерге қол жеткізу;
- бағалау [12].

Контекстік оқу тәсілін қолдану барысында келесі әдістер тиімді болып табылады:

1) іскерлік ойындар – студенттердің болашақ кәсіби мамандығының пәндік және әлеуметтік мазмұнының моделдеу түрі. Іскерлік ойында студенттердің белсенділігі әр түрлі мамандардың кәсіби қызметінің технологиясын, динамикасын және әлеуметтік мазмұны ойын үлгісінде ашылады.

2) case-study – Бұл әдіс тілдік материалды жетілдіруге ғана емес, сонымен қатар кәсіби білімді тереңдетуге бағытталған, өйткені ол күрделі және сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін (оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым) қамтиды. Кейс – бұл белгілі бір тәжірибеде орын алған және шешуді қажет ететін кейбір мәселені қамтитын жағдаяттың сипаттамасы

3) бірлескен дәрістер – контекстік оқытудың бір түрі, оның мәні екі оқытушының арасындағы жанды диалогтық қарым-қатынаста дәріс жүргізу. Бірлескен дәріс әдісі студенттердің когнитивтік қабілеттерін дамытуға, әртүрлі көзқарастарды салыстыруға, таңдау жасауға, олардың біреуіне қосылуға немесе өзіндік жеке пікірін қалыптастыруға ынталандырады.

4) визуализациялық дәріс – контекстік оқытудың бір түрі, оның мәні осы дәрістің тақырыбын толық ашатын көрнекі материалдарға оқытушының дәйекті, егжей-тегжейлі түсіндірмесі болып табылады. Дәріс мазмұнын ашатын арнайы көрнекіліктер студенттерге АКТ арқылы немесе қағаз түрінде көрсетіледі.

5) қатесі бар дәріс – контекстік оқытудың бір түрі, оның мақсаты болашақ мамандардың белгілі бір кәсіби жағдайда дұрыс емес немесе дәл емес ақпаратты тез анықтау дағдыларын дамыту. Оқытушы дәріске мазмұндық, әдістемелік немесе басқа да сипаттағы қателерді енгізеді және бұл қателердің бар екендігі туралы дәрістің басында студенттерге хабарлайды. Студенттерге дәріс барысында қателерді жазып, 10-15 минутқа созылатын қателерді бірлесіп талдау барысында талқыланған сұрақтарға дұрыс жауаптар беріледі.

6) дәріс-пресс-конференция – лекцияның тақырыбын ашу үшін оқытушы студенттер қойған сұрақтарға жауап беретін контекстік оқыту формасы. Әрбір студент 2-3 минут ішінде дәріс тақырыбы бойынша өз сұрағын жазбаша түрде құрастырып, оқытушыға тапсырады. Оқытушы 3-5 минут ішінде оларды мазмұны бойынша сұрыптап, лекцияны бастайды.

Контекстік тәсіл феномені қазіргі заманғы ғылыми таным тұрғысынан одан әрі зерттеуге мүмкіндік беретіндіктен тіл, мәдениет және білім берудегі тілдік тұлғаны зерттейтін ғалымдарды ерекше қызықтырады деп айтуға болады. Бұл тәсіл, біздің ойымызша, жалпы қоғамның, оның ішінде білім беру жүйесінің өзгеру жағдайында шет тілдерін оқытудың жаңа және перспективалы бағыты болып табылады.

Қорытынды

Қорыта келсек, оқыту тәсілдері шеттілдік білім беру әдістемесінің ажырамас бір бөлігі екендігіне көз жеткіздік. Ғалымдар оқыту тәсілдерінің әр түрлі жіктеулерін ұсынғандықтан олардың арасында әлі де болса бірізділік байқалмайды. Дегенмен, осы мақала аясында біз шеттілдік білім беруде тиімді болып саналатын когнитивті, лингвомәдени және контекстік тәсілдерге жан-жақты тоқталып, ғалымдардың еңбектеріне шолу жасадық. Қазіргі заманғы шеттілдік білім беру жан-жақты дамыған және үйлесімді екінші тілдік тұлғаны қалыптастыру үшін оқытудың әртүрлі тәсілдері мен әдістерін біріктіруге негізделген десек, аталған тәсілдер екінші тілдік тұлғаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Колесникова, И. Л., Долгина, О. А. Англо-русский терминологический справочник по методике преподавания иностранных языков : справ. пособие [Текст]. – М. : Дрофа, 2008. – 431 с.

2 Бим, И. Л. Цели обучения иностранным языкам на современном этапе [Текст] // Методика обучения иностранным языкам. – Обнинск : Титул, 2010. – С. 39–46.

3 **Щукин, А. Н.** Методика преподавания русского языка как иностранного [Текст]. – М. : Флинта, 2017. – 509 с.

4 **Бекаревич, Т. И.** Понятие «подход» в теоретических исследованиях по методике преподавания иностранным языкам в начальной и средней школе [Текст] / Теория и практика образования в современном мире : материалы I Междунар. науч. конф. – Санкт-Петербург : Реноме, 2012. – Т. 2 – С. 314–316. [Электронный ресурс]. – URL: <https://moluch.ru/conf/ped/archive/21/1507/>.

5 **Ворожцова, И. Б., Ворожцова Т. Б.** Лингвистическое и лингводидактическое сопровождение иноязычных речевых практик в иноязычной деятельности [Текст] // Вестник Пермского научно-исследовательского политехнического университета. Проблемы языкознания и педагогики. – 2015. – № 4 (14). – с. 49–63.

6 **Пассов, Е. И.** Методология методики: теория и опыт применения (избранное) [Текст. – Липецк : ЛГПУ, 2007. – 228 с.

7 **Корж, Т. Н.** Принципы иноязычного профессионально ориентированного обучения с позиций когнитивно-коммуникативного подхода [Текст] // Вопросы методики преподавания в вузе. – 2017. – Т. 6. – № 20. – С. 37–45. – <https://doi.org/10.18720/HUM/ISSN 2227-8591.20.4>.

8 **Маслова, В. А.** Лингвокультурология: учеб. пособие для студ. высш. учебн. заведений [Текст]. – М. : Академия, 2010. – 202 с.

9 **Сасина, Н. В.** Лингвокультурологический подход в обучении студентов гуманитарного профиля иностранному языку [Текст] // Педагогические науки. Методика. – 2009. – № 5. – С. 65–69.

10 **Денисов, М. К.** Значение, перспективы и проблемы использования интеграционного модуля «Иностранный язык + культура» в системе глобального образования [Текст] // Изучение и преподавание современных языков : проблемы и решения: сб. науч. ст. – Тамбов, 1999.

11 **Вербицкий, А. А.** Теория и технология контекстного образования: учебное пособие [Текст]. – М. : Московский педагогический государственный университет, 2017. – 268 с.

12 **Дүйсенбай, Ә. Е., Аяпова, Т. Т.** Тіл-мәдениет-тұлға триадасы қазіргі шет тілдік білім берудің негізі. [Текст] / – 2nd International Scientific and practical conference «Recent Advances in Global Science». – № 145. – Vilnius, Lithuania, 2023. – 278–286-б.

13 **Кунабаева, С. С.** Теория и практика современного иноязычного образования [Текст]. – Алматы, 2010. – 344 с.

14 **Третьякова, Г. В.** Когнитивный подход в обучении иностранному языку как мотивационный инструмент для студентов [Text] // Коммуникация и обучение / Communication and Teaching. – SERVICE plus SCIENTIFIC

JOURNAL. – 2021. – № 15(2). – С. 124–132. [Электронный ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n7kognitivnyy-podhod-v-obuchenii-inostrannomu-yazyku-kak-motivatsionnyy-instrument-dlya-studentov>

15 Макарова, Е. В., Санжаровская, К. Ю. Использование деятельностного подхода в обучении иностранному языку в школе. [Text] // Социальная политика и социальное партнерство. – 2021. – № 12. [Электронный ресурс]. – URL : <https://panor.ru/articles/ispolzovanie-deyatelnostnogo-podkhoda-v-obuchenii-inostrannomu-yazyku-v-shkole/77428.html#>.

16 Hollands, F. How research informs educational technology decision-making in higher education : the role of external research versus internal research [Text] // Educational Technology Research and Development. – 2020. – Vol. 68, Issue 1. – 163–180 p. – <https://doi.org/10.1007/s11423-019-09678-z>.

17 Rakhmetova, Sh. S. Modern approaches to teaching a foreign language [Text] // Вестник Карагандинского университета. – Серия «Педагогика». – 2020. – № 4 (100). – 178–189 с.

References

1 Kolesnikova, I. L., Dolgina O. A. Anglo-russkij terminologicheskij spravochnik po metodike prepodavaniya inostranny'x yazy'kov : sprav. posobie [English-Russian terminological reference book on the methods of teaching foreign languages] [Text]. – Moscow : Drofa, 2008. – 431 p.

2 Bim, I. L. Celi obucheniya inostranny'm yazy'kam na sovremennom e'tape // Metodika obucheniya inostranny'm yazy'kam [The goals of teaching foreign languages at the present stage] [Text]. – Obninsk : Titul, 2010. – P. 39–46.

3 Shchukin, A. N. Metodika prepodavaniya russkogo yazyka kak inostrannogo [Methods of teaching Russian as a foreign language] [Text]. – Moscow : Flinta, 2017. – 509 p.

4 Bekarevich, T. I. Ponyatie «Podxod» v teoreticheskix issledovaniyax po metodike prepodavaniya inostranny'm yazy'kam v nachal'noj i srednej shkole // Teoriya i praktika obrazovaniya v sovremennom mire : materialy' I Mezhdunar. nauch. konf. [The concept of «Approach» in theoretical research on the methodology of teaching foreign languages in primary and secondary schools // Theory and practice of education in the modern world : materials of the I International scientific conference] [Text]. – St. Petersburg : Renome, 2012. – Vol. 2 – P. 314–316.

5 Vorozhczova, I. B., Vorozhczova T. B. Lingvisticheskoe i lingvodidakticheskoe soprovozhdenie inoyazy'chny'x rechevy'x praktik v inoyazy'chnoy deyatel'nosti // Vestnik Permskogo nauchno-issledovatel'skogo

politeknicheskogo universiteta. Problemy' yazy'koznaniya i pedagogiki. [Linguistic and linguodidactic support of foreign language speech practices in foreign language activities] [Text]. – 2015. – № 4 (14). – P. 49–63.

6 **Passov, Y. I.** Metodologiya metodiki : teoriya i opyt primeneniya (izbrannoe) [Methodology of the methods : theory and experience of application (selected)] [Text]. – Lipeck, LGPU, 2007. – 228 p.

7 **Korzh, T. N.** Principy' inoyazy'chnogo professional'no orientirovannogo obucheniya s pozicij kognitivno-kommunikativnogo podxoda // Voprosy' metodiki prepodavaniya v vuze [Principles of professionally oriented foreign language teaching from the standpoint of the cognitive-communicative approach] [Text] – M., 2017. – Vol. 6. – № 20. – P. 37–45. – <https://doi.org/10.18720/HUM/ISSN2227-8591.20.4>.

8 **Maslova, V. A.** Lingvokul'turologiya : ucheb. posobie dlya stud. vy'ssh. uchebn. zavedenij [Linguoculturology : textbook for the students of higher educational institutions] [Text] – Moscow : Academy, 2010. – 202 p.

9 **Sasina, N. V.** Lingvocol'turologicheskij podhod v obuchenii studentov gumanitarnogo profilya inostrannomu iyazyku [Linguocultural approach in teaching students of the humanities a foreign language] // Pedagogicheskie nauki. Metodika [Text]. – 2009. – №5. – P. 65–69.

10 **Denisov, M. K.** Znachenie, perspektivy i problemy ispol'zovaniya integracionnogo modulya «Inostrannyj yazyk + kul'tura» v sisteme global'nogo obrazovaniya [Significance, prospects and problems of using the integration module «Foreign language + culture» in the system of global education] [Text] // Izuchenie i prepodavanie sovremennyh yazykov: problemy i resheniya: sb. nauch. st.– Tambov, 1999.

11 **Verbiczkij, A. A.** Teoriya i texnologiya kontekstnogo obrazovaniya: uchebnoe posobie [Theory and technology of contextual education: a tutorial] [Text]. – Moscow : Moskovskij pedagogicheskij gosudarstvenny'j universitet, 2017. – 268 p.

12 **Dusenbay, A. Y., Ayapova, T. T.** Til – madeniet – tulga triadasy kazirgi shet tildik bilim berudin negizi [The language-culture-personality triad is the basis of modern foreign language education] // 2nd International Scientific and practical conference «Recent Advances in Global Science» [Text]. – № 145. – Vilnius, Lithuania, 2023. – P. 278–286.

13 **Kunanbaeva, S. S.** Teoriya i practica sovremennogo inoyazychnogo obrazovaniya [Theory and practice of modern foreign language education] [Text]. – Almaty, 2010. – 344 p.

15 **Tret'yakova, G. V.** Kognitivny'j podhod v obuchenii inostrannomu yazy'ku kak motivacionny'j instrument dlya studentov // Kommunikaciya i

obuchenie /Communication and Teaching. – SERVICE plus SCIENTIFIC JOURNAL. – 2021. – № 15(2). – P. 124–132. [Text] [Electronic resource]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n7kognitivnyy-podhod-v-obuchanii-inostrannomu-yazyku-kak-motivatsionnyy-instrument-dlya-studentov>

16 Makarova, E. V., Sanzharovskaya, K. Yu. Ispol'zovanie deyatel'nostnogo podkhoda v obuchanii inostrannomu yazy'ku v shkole Text] // Social'naya politika i social'noe partnerstvo. – 2021. – № 12 [Electronic resource]. – URL: <https://panor.ru/articles/ispolzovanie-deyatelnostnogo-podkhoda-v-obuchanii-inostrannomu-yazyku-v-shkole/77428.html#>.

17 Hollands, F. How research informs educational technology decision-making in higher education : the role of external research versus internal research // In Educational Technology Research and Development. – 2020. – Vol. 68, Issue 1, 163–180. – [Text] [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1007/s11423-019-09678-z>.

18 Rakhmetova, Sh. S. Modern approaches to teaching a foreign language [Text] // In Bulletin of the Karaganda University. «Pedagogy» series. – 2020. – № 4 (100). – P. 178–189.

05.11.24 ж. баспаға түсті.

18.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

13.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*К. Б. Дженбаева¹, Т. Т. Аяпова², Г. К. Исмаилова³

^{1,2}Қазақский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы;

³Университет имени Шакарима г. Семей, Республика Казахстан, г. Семей.

Поступило в редакцию 05.11.24.

Поступило с исправлениями 18.04.25.

Принято в печать 13.05.25.

Роль подходов в формировании вторичной языковой личности в иноязычном образовании

В статье рассматриваются эффективные подходы к обучению. Подходы к обучению являются одной из основных категорий в методологии. Разные ученые а также в разных словарях дают разные определения подходу. «Подходы к обучению» – это способы реализации тех или иных методов обучения. В методике иноязычного

образования выделяют три компонента, определяющие способ обучения: лингвистический, дидактический, психолингвистический. Исходя из этого, ученые классифицируют подходы к обучению по-разному: когнитивный, коммуникативный, индуктивный, лингвокультурный, грамматический, контекстуальный, активный, продуктивный подходы.

В статье описываются эффективные подходы, которые, по мнению ученых, лежат в основе формирования вторичной языковой личности в соответствии с современной парадигмой иноязычного образования: когнитивном, лингвокультурном и контекстуальном подходах. В целях определения эффективности этих подходов проведен анализ научно-теоретических работ многих отечественных и зарубежных ученых. Определены и разъяснены методы, определяющие эффективность данных подходов в формировании «субъекта межкультурного участия - вторичной языковой личности». В статье были использованы такие методы исследования как обзор научно-педагогических работ, анализа теоретических данных.

Ключевые слова: подходы в обучении, иноязычное образование, когнитивный подход, лингвокультурологический подход, контекстный подход.

**K. B. Jenbayeva¹, T. T. Ayapova², G. K. Ismailova³*

^{1,2} Abay Kazakh National Pedagogical university,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Shakarim University of Semey,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Received 05.11.24.

Received in revised form 18.04.25.

Accepted for publication 13.05.25.

THE ROLE OF APPROACHES IN THE FORMATION OF SECONDARY LANGUAGE PERSONALITY IN FOREIGN LANGUAGE EDUCATION

The article discusses effective approaches to foreign language education. Learning approaches are one of the main categories in methodology. Different scientists and different dictionaries give different definitions to the term «approach». «Approaches» are ways to implement

certain teaching methods. In the methodology of foreign language education, there are three components that determine the approach: linguistic, didactic, psycholinguistic. Based on this, scientists classify learning approaches in different ways: cognitive, communicative, inductive, linguocultural, grammatical, contextual, active, productive approaches.

The article describes effective approaches that, according to scientists, underlie the formation of a secondary linguistic personality in accordance with the modern paradigm of foreign language education: cognitive, linguocultural and contextual approaches. We analyzed scientific and theoretical works of many domestic and foreign scientists in order to determine the effectiveness of these approaches. The methods that determine the effectiveness of these approaches in the formation of the «subject of intercultural communication – a secondary languagec personality» are defined and explained. The article used such research methods as a review of scientific and pedagogical works, analysis of theoretical data.

Keywords: approaches, foreign language education, cognitive approach, linguistic and cultural approach, contextual approach.

Теруге 12.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

9,42 Kb RAM

Шартты баспа табағы 32,63.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4404

Сдано в набор 12.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

9,42 Kb RAM

Усл.п.л. 32,63. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4404

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz